**«Ұзынкөл ауылының НОМ» КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмыс қараша айы бойынша аналитикалық есебі.**

**Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!"** тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.2023 жылы қараша айының 15 күні мектебімізде мектебінде балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында ДТІЖО А.Т.Сейтталиева ұйымдастыруымен 8-9 сынып білім алушылары арасында **"Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!"** тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Білім алушыларға зорлық-зомбылық түрлері, буллинг пен кибербуллинг туралы қосымша ақпараттар беріліп, білімдері толықтырылды. Дөңгелек үстел барысында білім алушылар өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасты.

Балалардың құқықтарын қорғау,оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу,буллинг мәселесі тақырыбында.**"Біз әлемді өзгертеміз,зорлықсыз әлемді қалай құруға болады"**5-7 сынып арасында әңгіме жүргізілді.
**Мақсаты:**Оқушыларға зорлық-зомбылық буллинг туралы ақпарат беру,адамның ең жаман қасиеттерінің бірі екенін айту.
Білім алушыларға адамның құқықтарымен
басбостандықтарын қорғау туралы мағлұмат беру,пікір алмасу.





**«Еркін тыныс ал!»** Жалпыреспубликалық флешмоб – салауатты өмір салтын қолдауда ұжымдық ұстанымды білдіруге бағытталған бұқаралық акция.

-Флешмоб балалардың физикалық және психологиялық денсаулығына ықпал етуге, оларды кез келген зиянды әдеттерден саналы түрде бас тартуға түрткі болуға, пайдалы іс түрлерімен белсенді айналысу қалауы мен қажеттілігін ынталандыруға арналған.






**Алтын сақа"республикалық челленджі өткізілді.**

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру аясында "Бес Асық", "Бес табан" ұлттық ойындарын өткізумен "Алтын сақа"республикалық челленджі өткізілді.Дене шынықтыру мұғалімі Д. Ж. Нуржанов жүргізді.







Республикамызда буллинг бойынша жағдай ауыр. Статистикаға сүйенсек, Қазақстанда әрбір бесінші оқушы қорқытуға ұшырайды. Қорлау дәрежесі әрбір нақты жағдайда әртүрлі болуы мүмкін, бірақ одан жәбірленушіге жеңіл емес. Уайымдаулар, эмоциялық жарақаттар әр балада әртүрлі өтеді: соматикалық бұзылулардан (ұйқының, тәбеттің бұзылуы, бас ауруы т.б.) суицид жасау әрекетіне дейін Психологтар мектептегі қорлауды отбасылық зорлық-зомбылықпен психикаға тигізетін салдарлардың ауырлығы жағынан салыстыруға болатынын атап өтті.

2023 жылғы қараша айында мектебімізде мектеп оқушыларының арасында қорлау сияқты әрекеттің алдын алу туралы онкүндік өтті. Мектебімізде әзірленген кестеге сәйкес **«Буллинг. Себептері. Алдын алу»** тақырыбында интерактивті сұхбат алаңдары өткізілді. Іс-шараға 5-9 сынып оқушылары қатысты. Балаларға **«Қазақстандағы әрбір бесінші бала қорлаудан зардап шегеді»** атты бейнеролик және «Мектептегі бұзақылық. Себептері мен салдары» презентациясы көрсетілді. Оқушылар іс-шара тақырыбын белсенді талқылады және өмірден өз мысалдарын келтірді. Балалар бейнематериалдарды үлкен қызығушылықпен қарады және сұрақтарын қойды. Кездесулер оқушылардың өздері үшін де, олармен бірге келген ұстаздар үшін де нәтижелі болды.





